

9 қазан
Бейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

БӨБЕКТЕРДІҢ БАЛ КҮЛКІСІНЕ БӨЛЕНГЕН МЕКЕН ҚАРАТАЛАДА ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

ҚУАНЫШЫ МЕН КҮЛКІСІ ҚАТАР ӨРІЛГЕН ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА ЕРЕКШЕ ИГЛІКТІ ШАРА ӨТТІ. ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАҢА «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ. АШЫЛУ РӘСІМІНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ГҮЛЖАН ҚҰЛЫБЕКОВА, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, АУЫЛДЫҢ АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛЫ, АРДАГЕР ҰСТАЗ САЛАМАТ ШАҒАЛА, АУЫЛ АҚСАҚАЛЫ БЕРІК ОСПАНОВ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР ҚАТЫСТЫ.



Салтанатты жиынды аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ашып, жаңа білім ошағының ел игілігі үшін салынғанын атап өтті.

- «Бүгін Қаратал ауылының өмірінде тарихи сәт. Бұл – мемлекетіміздің ауыл балаларына деген қамқорлығының, білім саласына жасалып жатқан нақты қадамдарының бірі. Жаңа бөбекжай балалардың шат күлкісі мен бақытты балалық шағына толы мекен болсын!» - деді аудан басшысы өз сөзінде.

Өз кезегінде облыстық білім басқармасының өкілі Гүлжан

Құлыбекқызы да құттықтау лебізін білдіріп, ауылдағы білім беру инфрақұрылымының дамуына оң баға берді. Шара барысында бөбекжай тәрбиеленушілері мен ауыл балалары өнерлерін ортаға салды.

Олар тақпақ айтып, ән шырқап, жетіген аспабында әсем әуендер орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Кішкентай өнерпаздардың жүрежарды өнері жиынның шырайын кіргізіп, ауылдың рухын көтерді. Салтанатты рәсімде ардақты ақсақалдар ақ баталарын беріп, жаңа бө-

бекжайдың табалдырығын игі тілекпен ашса, ауыл аналары шашу шашып, көпшілік бір-бірін қуанышпен құттықтап жатты.

Шара соңында қонақтар мен ауыл тұрғындары естелікке тал отырғызу рәсіміне қатысты.

Бұл игі дәстүр – ұрпақ сартастығының, жас ұрпаққа деген қамқорлықтың және өсіп-өркендеудің нышаны ретінде ерекше мәнге ие болды.

Жаңа «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы заманауи стандарттарға сәйкес жаб-

дықталған. Мұнда балалардың дамуы мен қауіпсіздігі үшін барлық жағдай жасалған: кең өрі жарық бөлмелер, ойын алаңшалары, оқу кабинеттері және жайлы асхана бар. Бөбекжай бір мезетте бірнеше топтағы бүлдіршіндерді қабылдай алады.

Жаңа нысанның ашылуы Қаратал ауылының әлеуметтік дамуына серпін беріп, ауыл өміріне жаңа тыныс әкелді.

Балалардың күлкісі мен ата-аналардың қуанышы астақан бұл күн – ел ертеңіне деген сенім мен ізгі ниеттің көрінісі болды.

«АДАЛ ЕҢБЕК» АҚТАЛҒАН КҮН

Жұмысшы мамандықтар жылы мен Еңбек күніне орай «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Адал еңбек» атты еңбек адамдарына құрмет көрсету кеші өтті. Шараға аудан әкімі А.Қазыбаев қатысып, еңбек майталмандарын мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде еңбек адамдарының қоғамдағы орны мен еңбектің қадір-қасиетіне тоқталды. Кеш барысында әр салада үздік атанған мамандарға арнайы марапаттар табысталды. «Үздік электрик», «Үздік құбыр жөндеуші», «Үздік аспазшы», «Үздік жұмысшы», «Үздік газ дәнекерлеуші»

және өзге де мамандар еңбегі еленді. Сонымен қатар, «Үздік орманшы», «Үздік ветеринар», «Үздік наубайшы», «Үздік шаштараз», «Үздік тігінші» сынды номинациялар да иегерлерін тапты.

Шара барысында ардагерлер сөз алып, өздерінің өмір бойы атқарған еңбектері жайында естеліктерімен бөлісті. Олар жас ұрпақты еңбекқорлыққа, адалдыққа, кәсібіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. «Адал еңбек» атты құрмет кеші еңбек адамдарының қоғамдағы мәртебесін арттыруға, олардың адал еңбегін дәріптеуге бағытталды.

КЕЗЕКТІ САПАР – КОШПЕЛІ ОТЫРЫС, СЕМИНАР, ҚЫЗМЕТ



Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Департаментінің №2 медициналық - әлеуметтік сараптама бөлімі (МӨС), өткен аптада Ойыл аудандық ауруханасында кезекті көшпелі отырыс өткізді.

Аудандық емхана базасында мүгедектерге мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің қатысуымен бірлескен семинар өткізілді. Семинар барысында

медициналық - әлеуметтік сараптамасының өзекті сұрақтары талқыланды, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қатаң бақылау керектігі ескертілді.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Департаментінің №2 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі (МӨС)

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТЫҢ ЖЕМІСІ - ӘСЕМНІҢ ТЫҢ БАСТАМАСЫ

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ТҮРЛІ ҚОЛДАУЛАРДЫҢ АРҚАСЫНДА АУЫЛ-АЙМАҚТА ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. ОСЫНДАЙ ИГІ БАСТАМАНЫҢ БІРІН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, КӨСІПКЕР ӨСЕМ ТАБЫНБАЕВА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ОТЫР.



Өсем ханым мемлекеттен ерекше статустағы жандарға берілетін қайтарымсыз грант туралы естіп, бағымды сынап көрейін деген ниетпен жұмыспен қамту бөліміне жүгінген. Мамандардың нұсқаулығы бойынша барлық құжаттарын тапсырып, мемлекеттік бағдарлама аясында бөлінген 400 АЕК көлеміндегі грантқа ие болған. Осылайша

ауданымызда бұрын-соңды болмаған істі - брусчатка өндіруді қолға алуға мүмкіндік алған.

- «Қайда жүрсем де, туған жерімнің дамуына үлес қоссам деп ойлайтынмын. Соңғы жылдары ауданымызда абаттандыру жұмыстары қарқын алып келеді. Әр ауылда кешелерге брусчатка төселіп, алаңдар жаңарып жатыр.

Осындай кезде неге өзіміздің ауданнан сапалы өнім өндіремеске деген ой келді. Ал, аудандық кәсіпкерлік палатасының кеңесі - сол ойымды іске асыруға мүмкіндік берді. Грант қолыма тиген соң, өз ауламан шағын цех аштым. Жолдасым екеуміз бұл істі отбасылық кәсіп ретінде дамытып жатырмыз. Брусчатка өндіру - мен үшін де, аудан тұрғын-

дары үшін де тиімді іс. Себебі, ауданымызда мұндай өндіріс болған жоқ», - дейді кәсіпкер. Жаңа цех шілденің 23-інен бастап жұмысын бастады. Алғашқы тапсырыстарды кәсіпкер WhatsApp желісі арқылы аудандық және ауылдық топтарға жарнама жасау арқылы қабылдаған. Қазіргі таңда тұрғындардан сұраныс күн санап артып, сапалы, әрі қолжетімді өнімге қызығушылық танытып отыр.

Цехта шығарылып жатқан өнім түрі де көңіл қуантады. Өнімнің сапасы жоғары, ауа райына төзімді, мұнда брусчатканың бірнеше үлгісі дайындалады: классикалық төртбұрышты, өрнекті және тас пішіндес, әртүрлі түстерде - сұры, қызыл, сары және басқа да реңктерде. Бұл әр тапсырыс берушінің талғамына қарай ауланы немесе көшені қалағанындай сәндеуге мүмкіндік береді.

- «Сұранысқа қарай әртүрлі формада жасап шығарамыз. Біреулерге классикалық төртбұрыш ыңғайлы болса, енді біреулер әдемі өрнекті немесе түрлі түсті үлгілерді таңдайды. Біз қолымыздан келгенше халықтың талғамына сай етіп беруге тырысамыз», - дейді

кәсіпкер.

Қазіргі таңда цех негізінен жергілікті тұрғындардың тапсырыстарын орындап жатыр.

Өсем Төрмұратқызының жоспары мұнымен шектелмейді. Ол алдағы уақытта өндіріс ауқымын кеңейтіп, жаңа қондырғылар алуды, өнім түрін көбейтуді көздеп отыр.

Мәселен, сәндік тас, жиектастар (бордюр) және басқа да құрылысқа қажетті өнімдер шығару жоспарда бар.

Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, мұндай жобалар аудан экономикасына серпін

беріп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлес қосады.

Өйткені, әрбір ашылған жаңа кәсіп - жаңа жұмыс орны, жаңа мүмкіндік деген сөз.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қолдаудың арқасында бір отбасы өз кәсібін деңгелетіп қана қоймай, ауылдастары үшін жұмыс кезіне айналдырып отыр.

Өсем Төрмұратқызының бастамасы - жас кәсіпкерлерге үлгі боларлық іс.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.



ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ — ЖАСТАРҒА МІНДЕТ!



Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев қарттар күні қарсаңында ауданымыздағы ардагерлердің шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады. Қазақ халқы қашанда үлкенді сыйлап, оларға ерекше құрмет көрсеткен. Бұл — ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүр. Үлкенге сәлем беріп, бата алу — халқымыздың игі амалдарының бірі.

Асқар Қайырғалиұлы өз сөзінде: — «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген аталы сөзді ата-бабамыз бекер айтпаған. Сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бен кейде айтқан сындарыңыз біз үшін үлкен сабақ әрі алға ұмтылуға жігер береді. Өйткені сіздер салған жол — кейінгі ұрпақ үшін өнеге. Мерекеде сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасыларыңызға амандық тілеймін!» — деді.

ҚАРТЫ БАР ЕЛ, ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ



1 қазан — Халықаралық қарттар күніне орай өткен шараға даралық пен даналықты бойларына жинаған ата-әжелеріміз ертүрлі салада қызмет етіп, туған жері мен елі үшін еңбек еткен зейнеткерлер, ауданның өркендеуіне елеулі үлес қосқан еңбек ардагерлер қатысып өрелі әңгіме өрбітті. - «Қадірлі ардагерлер! Бүгін міне өздеріңізбен бас қосып айтулы мерекеге жиналып отырмыз. Әр шаңырақтың ұйытқысы, шамшырағы болып отырған сіздерге зор денсау-

лық, баянды ғұмыр тілеймін. Мерекеде жайылған дастархан алдыңғы буын ағалар мен аналарымызға жасап жатырған ілтипатымыз» - деген аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы үлкендерге ізетпен жайылған дастарханның басында өзінің мерекеге орай тілегін жолдады. Бұл - мемлекетіміздің қарттарға, айрықша қолдау күтетін жандарға деген шынайы қамқорлығының жарқын көрінісі. Шара соңы өсем ән мен қарияларымыздың жылы лебізімен жалғасты.

НАШАҚОРПЫҚ ПЕН ЛУДОМАНИЯ ОЙЫЛ ЖАСТАРЫНА ЖАТ БОЛУЫ ТИІС!

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӨЗЕКТІ ӨЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ — НАШАҚОРЛЫҚ ПЕН ЛУДОМАНИЯ БЕЛЕҢ АЛЫП БАРАДЫ. ОЙЫЛ АУДАНЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДА ДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ (НАШАҚОРЛЫҚ, ЛУДОМАНИЯ) ТАРАЛУ ДЕНГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН АУДАН ӘКІМДІГІ ТАРАПЫНАН БІРҚАТАР ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП ЖАТЫР.



Солардың бірі кәсіби мамандарды тарту арқылы профилактикалық, ақпараттық-түсіндіру және консультациялық іс-шараларды Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің тапсырысы негізінде «Астана» тәуелсіз сарапшылар институты» жеке қоры аудандағы білім беру ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастырды. Жиыныға психолог мамандар, нарколог дәрігерлер, прокуратура және полиция өкілдері, сондай-ақ колледж студенттері мен мектеп оқушылары және ұстаздар қатысты. Шара барысында есірткі мен құмар ойындардың адам денсаулығы мен психикасына, болашағына тигізер зияны туралы нақты деректер келтірілді. Прокуратура өкілі жасөспірімдерге құқықтық жауапкершілік туралы айтып, ҚР Қылмыстық кодексіндегі тиісті баптарға тоқталды. Ал, психолог маман жастардың ішкі жан-дүниесіндегі

күйзеліс, бос уақытты тиімді пайдалану, өзін-өзі бағалау сынды тақырыптарды қозғай отырып тренинг ұйымдастырды. Аталған шара ойыл.ruhaniyat әлеуметтік парақшасында тікелей эфирде көрсетілді. «Сарапшыдан сұраңыз» бөлімі бойынша мамандармен сұрақ жауап өтті. — «Бүгінгі түсіндіру жұмысы — балаларды қауіпті ортадан сақтау, саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеудің бір жолы. Мұндай шаралар тек бір реттік емес, тұрақты түрде жалғасуы тиіс», — деді ұйымдастырушылар. Шара соңында қатысушыларға ақпараттық жадынамалар таратылып, ашық диалог алаңы ұйымдастырылды. Жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға мамандардан нақты жауап алды.Бұл шара — жастардың өмірлік таңдауының дұрыс бағытта қалыптасуына жол ашатын маңызды қадам болады деп сенеміз.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ IV- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Қазан айының 2,9,16,23,30 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Қараша айының – 6, 13, 20,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Желтоқсан айының – 4, 11, 18,25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2025 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органныңатауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлеймен Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қазан – 7,14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Қараша – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Желтоқсан – 2, 9, 23,30 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қазан – 1,8, 15,22,29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қараша – 5,12, 19 , 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Желтоқсан – 3, 10, 17 ,24,31 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қазан – 6 ,13,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қараша – 3,10, 17 , 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Желтоқсан – 1, 8, 15 ,22,29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Қазан – 3, 10 ,17,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Қараша – 7,14, 21 , 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Желтоқсан – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2025 ЖЫЛДЫҢ – IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ө	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжай
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Сағынғалиев Рүстем Темірұлы	Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 Oiylauyldyq.okrug@gmail.com
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ		Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәйсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20 Oiylauyldyq.okrug@gmail.com

2025 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТІСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты»ММ	Избасов Адилбек Жансерикович	Округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00-12:00ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты»ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған.Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ө	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	М.Тажигалиев	Саралжын ауылдық округі әкімі	Қазан 2, 9, 16, 23, 30 Қараша 6, 13, 20, 27 Желтоқсан 4, 11, 18, 25 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан көшесі – № 11А	74 – 001 Sar_uil@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.


ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекөменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сәйсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

САҒАЛАУ - 2025

№ 9 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР АЙТҚАЛИЕВ СЫРЫМ ДАЛАБАЙҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Айтқалиев Сырым Далабайұлы 1996 жылы 18 қаңтарда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылдық округі Жақсыкөл ауылында дүниеге келді. Ұлты қазақ.

2015 жылы Ойыл аграрлық колледжін ветеринария мамандығы бойынша бітіріп, 2019 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін техник-ветеринар мамандығы бойынша тәмамдады.

2016 жылдан бастап «Сырым» шаруа қожалығының басшысы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті сайлаушылар!

Менің мәслихат депутаттығына үміткер болудағы басты мақсатым;

- Ауылымыздағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін цехтар ашып, ауыл шаруашылық техникаларын жаңартуға;

- Елді мекендердегі жайылымдық жерлердің мәселелерін шешуге;

- Елді мекендердің жол қатынас жүйелерінің тұрақты үздіксіз жұмыс істеуіне көңіл бөлуге;

- Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсартуға атсалысатын.

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.

САҒАЛАУ - 2025

№ 9 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР БИСЕМБАЕВ МҰСТАФА ЕРҒАЛИҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Бисембаев Мұстафа Ерғалиұлы 1991 жылы 6 наурызда Ойыл ауданы Қараой ауылында дүниеге келген. 2008 жылы Қараой мектеп-балабақшасын бітірді. 2008-2012 жылдары М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде тарих мамандығын және 2017 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінде оқып, құқық негіздері мамандығымен тәмамдап шықты. 2012-2013 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласындағы №10810 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеді. 2014-2017 жылы Астана қаласы №2014 әскери бөлімінде келісімшарт негізінде «Бақылаушы» лауазымында қызмет етті. 2022 жылы Қараой мектеп-балабақшасында физика зертханашысы, 2023 жылдың қазан айынан бастап тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Дзюдодан спорт шеберлігіне үміткер. Үйленген. 2 ұл тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті Қараой ауылының сайлаушылары!

Мен туған өлкемнің тарихын жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысқа араласқаннан бері жас болсам да, туған жерімді түлетуге, ұстаз-халықтың интеллекті өкілі ретінде тұрғындардың толғандырып жүрген мәселелерінің шешілуіне белсене араласып келемін. Өлкенің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Өділетті Қазақстанды құруда, қайырымды қоғамды қалыптастыруда осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Құрметті сайлаушылар!

Мен, осы ауылдың жергілікті тұрғыны ретінде ауылдың тыныс-тіршілігін жақсы білемін. Халықтың көкейіндегі басты проблемалары да менің назарымда. Осы мәселелерді ескере отырып, мәслихат депутаттығына кандидат ретінде өзімнің жаңаша ұстанымым, тәжірибемді пайдалана отырып, төмендегідей бағдарламамды ұсынамын:

- 2027 жылға дейін Қараой елді-мекендерін орталықтандырылған газбен қамтамасыз етілуіне;
- Ойыл-Қараой бағытындағы автомобиль жолын сапалы, әрі мерзімді жөнделуіне ықпал етуге;
- 2027 жылға дейін жұмыссыздық деңгейін 4,6% түсіруге;
- елді мекендердегі жайылымдық жерлер мәселелерін шешуге;
- елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, құм басу қауіпін сейілту үшін жасыл екпелер егуге;
- ауыл жастарын жұмыспен қамтуға, «Ауыл аманаты» бағдарламасының аясында кәсіпкерлікке баулуға;
- ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық алаңдардың салынуына ықпал ететін.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Қараой ауылдық округіндегі өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыстанатын боламын!

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.

САҒАЛАУ - 2025

№ 9 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЖАНДАУ СӘУІРБАЙ ӨРІСБАЙҰЛЫНЫҢ

ӨМІРБАЯНЫ



Жандау Сәуірбай Өрісбайұлы 1998 жылы 5 сәуірде Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі Қараой ауылында дүниеге келді. Ұлты – қазақ.

2018 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық колледжін ветеринария мамандығы бойынша тәмамдады.

2022 жылдан бастап «Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы» КММ ветеринарлық дәрігер болып қызмет атқарып келеді. Үйленген. 2 қыз тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ Құрметті сайлаушылар!

Менің мәслихат депутаттығына үміткер болудағы басты мақсатым:

- Елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егуге;

- Ауыл жастарын жұмыспен қамтуға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге;

- Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында аз қамтылған отбасыларға жағдай жасауға;

- Жергілікті әкімдіктің көмегімен Қараой ауылына халық тұтынатын көгілдір отынның келуіне ықпал етуге;

- Ауылдағы шағын және орта бизнесті дамытуды қолдай отырып, тұрғындардың мемлекеттен жеңілдетілген пайызбен несие алып, өз кәсібін дамытуға жұмыстанамын.

Жариялау ақысы үміткердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген республикалық қаражат есебінен төленді.


ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАР ҚАНДАЙ?

Паразитарлық инфекциялар – бүкіл әлемде денсаулық сақтау саласы үшін күрделі мәселелердің бірі. Паразиттер – өзге ағзалардың, бұл жағдайда адамның есебінен өмір сүретін тірі жәндіктер. Олар микроскопиялық біржасушалы организмдерден бастап, таспа құрттар сияқты ірі көпжасушалыларға дейін түрленеді.

Паразиттердің басты қауіпі – ағзаны әлсіретіп, иммунитетті төмендетуінде және жеңілден бастап ауыр созылмалы ауруларға дейінгі кең ауқымды сырқаттарды тудыруында. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жыл сайын әлемде әрбір сегізінші адам паразиттерден зардап шегеді. Бұл мәселенің ғаламдық ауқымын дәлелдейді.

ПАРАЗИТТЕРДІҢ ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ:

Адам ағзасына паразиттердің ену жолдары алуан түрлі. Көп жағдайда жұғу ластанған су, жеткілікті деңгейде жуылмаған көкөністер, жемістер, көк шөптер мен жидектер арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, өңделмеген балықты немесе жаңа су өсімдіктерін тұтыну инфекцияға себеп болуы мүмкін. Жеке гигиена ережелерін, мысалы, қолды үнемі жууды елемей – жұқтыру қаупін арт-



тырады. Кейбір жағдайларда паразиттердің дернәсілдері ластанған топырақта жалаңаяқ жүргенде немесе зиянды су қоймаларында шомылғанда тері арқылы енуі мүмкін.

ПАРАЗИТАРЛЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

Паразиттер ағзада ұзақ уақыт бойы білінбей өмір сүре алады, сондықтан айқын симптомдар тудырмауы мүмкін. Дегенмен, назар аударуға тұрарлық бірқатар белгілер бар:

- асқазан-ішек жолдарының бұзылыстары: іштің ауыруы, диарея, іш қату, іштің кебуі;
- қалыпты тәбет кезінде салмақ жоғалту;
- жақсы демалғаннан кейін де созылмалы шаршау мен әл-

сіздік;

- теріде бөртпелердің, қышудың, экземаның пайда болуы;
 - тәбеттің өзгеруі;
 - түнде тістің шықырлауы;
 - анемия, гемоглобин деңгейінің төмендеуі;
 - жүйкенің қозуы, депрессия, зейіннің әлсіреуі.
- Бұл белгілер әрдайым паразитарлық инфекцияны көрсете бермейді және басқа аурулардың да белгілері болуы мүмкін, сондықтан нақты диагноз қою үшін уақытылы тексерілу маңызды. Диагностика және паразиттерді тексерудің маңыздылығы: Қазіргі диагностикалық әдістер биоматериалды микроскопиялық зерттеуді қамтиды, бұл паразиттердің жұмыртқаларын, дернәсілдерін немесе өзін анықтауға мүмкіндік береді.


Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығының мамандары азық-түлік өнімдері мен қоршаған орта объектілеріне санитарлық-паразитологиялық сараптама жүргізеді. Жүйелі тексеру – паразитарлық инфекциялардың алдын алудың ең тиімді тәсілдерінің бірі, бұл асқынулардың алдын алуға және қажет болған жағдайда дер кезінде ем бастауға мүмкіндік береді.

Паразитарлық инфекциялардың алдын алу: Паразиттермен жұғудың алдын алудың ең тиімді жолы – жеке гигиена ережелерін сақтау. Көкөністерді, жемістерді және шөптерді мұқият жуып, шикі немесе жеткіліксіз дайындалған балықтан бас тарту ұсынылады. Қолды үнемі жууды әдетке айналдыру қажет.

Күдікті белгілер болған жағдайда тұрақты тексерулерден өту инфекцияны уақытында анықтап, емдеуге мүмкіндік береді. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығының мамандары паразитарлық ауруларды диагностикалау мен алдын алуға әрқашан көмек көрсетуге дайын.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ЖРВИ МЕН ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ



АУРУ ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

Жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабығына түскен соң, вирус олардың эпителий жасушаларына еніп, қанға түсіп, интоксикация тудырады

ИНФЕКЦИЯ КӨЗІ КІМ?

Инфекция көзі және оны таратушы – науқас адам

ТҰМАУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Температура 38-40 градусқа дейін көтеріледі, қалтырау, қатты бас ауруы, бас айналу, көз алмасы мен булшықаттің ауыруы, көздің жасуурауы мен түйіліп ауыруы пайда болады

ТҰМАУДАН ӨЗІНДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?



ЖЕКЕ ТАЗАЛЫҚ



МАСКА ТАҒУ



УАҚЫТЫНДА ЕКПЕ АЛУ



ВИРУСҚА ҚАРСЫ ДӘРІ-ДӘРМЕК



ҮЙЛЕСІМДІ ТАМАҚТАНУ ЖӘНЕ СӨС



АДАМДАР КӨП ЖИНАЛАТЫН ОРЫНДАРДАН АЛАҚ БОЛУ



ҒИМАРАТТЫ МҰҚИАТ ТАЗАЛАП ЖУУ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша
Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы ШЖҚ РМК дайындаған

Ойыл аудандық аурухана ұжымы мен кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасы Қарасу елді-мекенінің мейірбикесі **Сағидуллина Райгүл Мерекенқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1332 дана. Тапсырыс 1139
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

«ҰСТАЗЫМ – АҚЫЛШЫ, ДОС, ОЙ-АРМАНЫМ!»

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ АПТАСЫ – БАРША ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢ. ӨЙТКЕНІ БҰЛ КҮН — ШӨКІРТ ЖҮРЕГІНЕ БІЛІМ МЕН МЕЙІРІМ НҰРЫН СЕБЕТІН, ҰРПАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРЕТІН АБЗАЛ ЖАНДАРДЫҢ КӨСІБІ МЕРЕКЕСІ. ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЙІН ӨТІП, МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША ҚАБЫРҒАСЫНДА ТАЛМАЙ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ҰСТАЗДАР БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА БАС ҚОСТЫ.



«Ұстазым – ақылшы, дос, ой-арманым» атты бұл мерекелік шара аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың және Ақтөбе облыстық білім басқармасының өкілі Жайнағұл Рақышеваның қатысуымен өтті. Аудан басшысы өз құттықтау сөзінде ұстаздардың қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті. Салтанатты шара барысында өз ісіне адал, шөкірт тәрбие-

леу жолында табанды еңбек етіп жүрген бірқатар педагогтар түрлі марапаттарға ие болды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің үздік қызметкері» төсбелгісімен Бибінұр Аманғалиева марапатталды. Аудан әкімінің «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі Мейрамгүл Сейталиева мен Елена Браташоваға табысталды.

Сонымен қатар, бірқатар ұстаздар аудан әкімінің Алғыс хаттарын, кәсіподақ ұйымы атынан шипажайға жолдамаларды иеленді. Ақтөбе облыстық білім басқармасының өкілі Жайнағұл Баймағамбетқызы да сөз алып, ұстаздарға ыстық лебізін білдіріп, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын, сондай-ақ Алматы қаласына танымдық-сауықтыру сапарына

сертификаттарды табыс етті. Салтанат барысында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Ақтөбе облыстық ұйымы, аудандық білім бөлімі және полиция бөлімі тарапынан да ұстаздарға Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар берілді. Шара соңы көтеріңкі көңіл күйге ұласқан мерекелік концертке жалғасты. Оқушылар мен жас өнерпаздар ұстаздарына арналған ән мен биді, жүрекжарды өлеңдері мен ыстық лебіздерін тарту етті. Әр нөмірден шөкірттердің ұстаздарына деген шынайы құрмет пен сүйіспеншілік сезімі байқалып тұрды. Иә, ұстаз – қоғамның алтын тірегі, адам жанының сәулешісі. Ұстаздың еңбегі – мәңгі өлмес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлы іс. Білімнің шамшырағын жағу – жауапты әрі қасиетті міндет. Сондықтан да ұстаздар қауымының еңбегі ел болашағының берік іргетасына айналып отыр.

«КӘСІПТІК БІЛІМ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ» ОЙЫЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӨСІБІ МЕРЕКЕСІ ЖӘНЕ ҰСТАЗДАР КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ.



Ұрпақ тәрбиелеуде өзінің уақытын аямай, шөкірттерінің бақытын аялай білген жандарға арналған салтанатты іс-шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады. Аудан басшысы мұғалімдерге қажырлы еңбектері, шыдамдылықтары және өскелең ұрпақтың дамуына қосқан зор үлестері үшін алғыс айт-

ты. Сонымен қатар мерекелік іс-шарада өз істерін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарып жүрген ұстаздарға сый-құрмет көрсетіп марапаттады. Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты. Кеште айтылған ақжарма тілектер мен жүрек тебірентер әсем әндер мұғалімдер мен студенттерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, ерекше әсерге бөледі.

«САЗДЫ ӘННІҢ СЫРЛАРЫ-АЙ» – ЖҮРЕКТЕРДІ ТЕРБЕГЕН ӘУЕНДЕР КЕШІ



30 қыркүйек күні Ойыл аудандық мәдениет үйінде халықтық ұжым «Атамекен - Асылым» ардагер аталар мен аналар ән ансамблінің «Сазды әннің сырлары-ай» атты мерекелік концерті өтті. Әсем әуен мен сазды сәтке толы бұл кеш көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ұмытылмас әсер қалдырды. Кеш барысында ансамблдің орындауында жаңа туындылармен қатар, көпшілік сүйіп тыңдайтын ескі әндер де шырықалды. Әндер арқылы көрермен қауым өткен жылдарға ойша саяхат жасап, сағы-

нышқа толы естеліктерге қайта оралғандай болды. Мерекелік шараның шырайын келтірген ардагер әншілердің орындау шеберлігі мен сахна мәдениеті көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Концерт соңында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев сөз сөйлеп, өнер ұжымына аудан әкімінің атынан алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етті. Өнерсүйер қауым мен концерт қонақтары ұйымдастырушыларға шынайы ризашылықтарын білдіріп, ардагерлердің өнеріне тәнті екенін жеткізді.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯТЫН ҚҰРАЛ: ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ЭКОНОМИКАҒА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ?

Қазақстан экономикасы цифрлық трансформация кезеңінде жаңа қаржы құралдарын енгізуге бет бұрды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билығы Жолдауында цифрлық теңгенің ұлттық экономиканы цифрландырудағы маңыздылығын атап өтіп, оның толыққанды экожүйесін қалыптастыруды жеделдетуді тапсырды. Осы орайда, Kazinform тілшісі цифрлық теңгенің ел экономикасына қандай мүмкіндік беретінін және қандай тәуекелдер тудыратынын сарапшылар пікірі негізінде талдап көрді.

ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Цифрлық теңге – Ұлттық банк шығаратын, қолма-қол және қолма-қолсыз ақшаға қосымша ретінде енгізілетін жаңа төлем құралы. Оның басты ерекшелігі – ақшаның қозғалысы толық цифрлық форматта қадағаланады. Президент бұл жобаны республикалық және жергілікті бюджеттерде, сондай-ақ ұлттық холдингтердің қаржысын басқаруда қолдануды міндеттеді. Сонымен қатар, цифрлық активтердің әлеуетін пайдалана отырып, арнайы мемлекеттік қор құру ұсынылды. Бұл қор экономиканы әртараптандыруға және инновациялық жобаларды қаржыландыруға жол ашуы тиіс. Елімізде цифрлық теңгені енгізуге Ұлттық банк жауапты. Бұған дейін арнайы жол картасы әзірленді. Ол қолма-қол ақшамен де, қолма-қолсыз төлемдермен де қатар жүретін ұлттық валютаның үшінші түрі болмақ. Ұлттық банк баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, қазіргі таңда жүйеге 7 қаржы ұйымы қосылған: ірі екінші деңгейлі банктер, «Қазпошта», сондай-ақ мемлекеттік төлемдер мен шоттарды жүргізуге жауапты Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті. Бұл ұйымдар цифрлық теңгені түрлі салаларға енгізу арқылы ұлттық қаржы жүйесінің жаңа бағытын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бірқатар пилоттық жобалар іске қосылды. Жол құрылысы саласында қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақыланды. Фермерлерді қолдау кезінде қаржы тек мал мен техника сатып алуға бағытталды. Салық төлемдерінде есептілік жеңілдетілді. Ұлттық қор қаражаты есебінен инфрақұрылымдық жобалар қаржыландырылды.

Ұлттық банктің дерегіне, сынақ барысында шамамен 270 миллиард цифрлық теңге айналымға шығарылды. Бұл қаражат толық бақылауда болып, тек мақсатты түрде жұмсалды. 2024 жылдан бастап мемлекеттік қаржы жобалары «таңдалған» цифрлық теңге арқылы жүзеге асырыла бастады. Мұндай тәсіл қаржыны тиімді жұмсауға, жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және мемлекеттік органдардың жұмысын жеңілдетуге жол ашты.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Экономист Бауыржан Ысқақ президент тапсырмасына сәйкес цифрлық теңгенің қолдану аясын кеңейту Қазақстан экономикасы үшін бірқатар артықшылық беретінін айтады. - Төлемдер жылдам әрі қауіпсіз болады, көлеңкелі экономиканың үлесі азаяды, әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік қолдау тікелей азаматтарға жетеді. Бұған қоса, ауыл-аймақтарға қаржы қызметтерінің қолжетімділігі артады, – деді сарапшы. Ұлттық банктің инвестициялық корпорациясы негізінде цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құру ұсынылған. Экономист Б.Ысқақ бұл қор экономиканы әртараптандыруға, жаңа технологиялық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік беретінін айтады. - Қазақстанда цифрлық қаржы нарығында жетекші ел етуге ықпал етеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай қорлар аз, көп мемлекеттер сақтық танытып отыр. Сондықтан Қазақстан үшін бұл қадам тек нақты ережелер мен тәуекелдерді басқару тетіктері енгізілген жағдайда тиімді болады, – деп түйіндеді ол. Экономист Мақсат Халық цифрлық теңгені енгізу уақыт талабы екенін айтып, оның артықшылықтарына кеңінен тоқталып өтті.

- Жалпы, цифрлық теңгені енгізу дұрыс деп есептеймін. Әлем солай дамып жатыр. Сондықтан бізде де бұл бастаманың қолға алынуы орынды. Ең үлкен артықшылығы – интернеттің болуын талап етпейді. Сонымен қатар, ол киберқауіпсіздігі жоғары, себебі блокчейн технологиясына негізделген. Әлеуметтік төлемдер нақты әлеуметтік өмиянға аударылған кезде оның толық цифрлық ізі қалады. Мемлекеттік сатып алуларда да әрбір төлемнің

қозғалысын бақылауға болады. Бұл көлеңкелі экономиканы азайтуға мүмкіндік береді, – дейді сарапшы.

Сондай-ақ ол қоғамдағы алаңдаушылықтарға тоқталды:

- Цифрлық теңге ақша массасын көбейтіп, инфляцияға әсер ете ме деген сұрақтар жиі қойылды. Бірақ бұл алаңдаушылық негізсіз. Себебі цифрлық теңге арнайы токенді нөмірлермен шектеулі көлемде шығарылады. Ол кәдімгі біздің банк шоттарымыздағы электронды теңгеге ұқсас, қатар қолданыла береді, – дейді ол.

Мақсат Халықтың пікірінше, цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құру көлеңкелі экономикамен күрестің тиімді тетігі болмақ:

- Қолма-қол ақша қаншалықты көп қолданылса, көлеңкелі экономиканың да, сыбайлас жемқорлықтың да тәуекелі соншалықты артады. Сондықтан қаражаттың цифрлық сипатқа ие болуы ақша айналымының мөлдірлігін қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыдан мұндай қордың құрылуы қажет, – деді сарапшы.

Экономист криптовалютаны толық тыйым салмай, заң аясында реттеуді ұсынады.

- Елімізде майнингтік компаниялар болсын, тіпті биткойндармен жұмыс істеу болсын – барлығын заңдастыру керек. Бұдан табыс табылса, ол мемлекетке салық ретінде төленуі тиіс. Бұл жағдайда Қазақстан ұтылмайды. Бірақ криптовалютаның бағасы құбылмалы, сондықтан азаматтардың қаржылық сауаттылығы төмен болса, шығынға ұшырауы мүмкін. Сол себепті алдымен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға баса көңіл бөлу керек, – деп түйіндеді сарапшы.

ӘЛЕМ ТӘЖІРИБЕСІ

Atlantic Council сараптамалық орталығының дерегіне, 2025 жылғы шілде айында әлем бойынша 137 ел мен валюталық одақ ОБЦВ (Орталық банктердің цифрлық валюталары) жобасына әртүрлі деңгейде қатысып отыр. Бұл – жаһандық ЖІӨ-нің 98%-ын қамтиды. Ал 2020 жылы мұндай елдер саны небәрі 35 ғана еді. Қазірдің өзінде 72 мемлекет зерттеу, пилоттық жоба немесе толық енгізу кезеңінде тұр. Бағам аралдары, Ямайка және Нигерия өздерінің ұлт-

тық цифрлық валюталарын ресми түрде енгізіп үлгерді. Қытайдың цифрлық юані (e-CNY) – әлемдегі ең ірі пилоттық жоба. Оның көлемі 7 трлн юаньға (986 млрд доллар) жетіп, білім беру, денсаулық сақтау, туризм сияқты салаларды қамтып отыр. Үндістанның цифрлық рупиясы да тез дамуда: 2025 жылғы наурызда оның көлемі ₹10,16 млрд (122 млн доллар) болып, бір жылда 334%-ға өскен.

Еуропалық орталық банк 2023 жылы цифрлық еуроға дайындық кезеңін бастаған. Ал АҚШ-та 2025 жылы Дональд Трамптың жарлығымен ОБЦВ әзірлеуге ресми түрде тыйым салынды. Бұл – әзірге мұндай қадамға барған жалғыз мемлекет. Мамандардың пікірінше, Қазақстанның цифрлық теңгеге ден қоюы жаһандық қаржы нарығының даму қарқынымен үндес келеді. Алайда әр елде цифрлық валютаны енгізу өзіне тән экономикалық және құқықтық ерекшеліктерге байланысты жүзеге асырылып жатыр.

Әлемнің көптеген орталық банктері цифрлық валютаны әртүрлі мақсатта дамытып жатыр. Сарапшылардың айтуынша, оның басты артықшылықтары – қаржылық қызметке қолы жетпеген азаматтарға жаңа мүмкіндік ашу, төлем нарығында бәсекелестікті күшейтіп, қызмет сапасын арттыру, ақша аударымдарын жылдам әрі арзан ету.

Сонымен қатар, мұндай валюта қаржы айналымының ашықтығын қамтамасыз етіп, мемлекетке ақша-несие және салық-бюджет саясатын тиімді жүргізуге көмектеседі. Мәселен, Бағам аралдары Sand Dollar цифрлық валютасын енгізу арқылы шалғай аймақтардағы халыққа қаржылық қызметті қолжетімді еткен.

Жалпы алғанда, цифрлық теңгенің енгізілуі – Қазақстанның қаржы жүйесін жаңа деңгейге көтеретін маңызды бастама. Ол мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды қамтамасыз етіп қана қоймай, көлеңкелі экономиканы қысқартуға, халыққа әлеуметтік төлемдерді әділ жеткізуге мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай жобалардың табысты болуы үшін ең бастысы – қауіпсіздік пен азаматтардың сенімін қамтамасыз ету.

Венера ЖОЛАМАНҚЫЗЫ,
kaz.inform.kz

САПАҚКӨЛ — ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ!

ТУҒАН ЖЕР — ӨР АДАМНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЫСТЫҚ, ЖАНЫНА ҚАРҚЫН ҚАСТЕРЛІ МЕКЕН. АЛ СОЛ ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ КӨРКІ МЕН КӨРІНІСІН АЙШЫҚТАП ТҮРҒАН ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ — БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА. ОСЫНДАЙ КИЕЛІ ДЕ, КӨРКЕМ ЖЕРДІҢ БІРІ — САПАҚКӨЛ.

Сапақкөл — табиғаты тамсандырған, тұнық суы мөлдір, айналасы жасыл желекке бөленген ерекше аймақ. Көлдің маңайында ежелден ел қоныстанып, тіршілік еткен. Жергілікті тұрғындар бұл өңірді ерекше қадірлейді, себебі Сапақкөл — туған өлкенің көркі, тіршіліктің қайнары. Көлдің айналасы төрт мезгілде де өзіндік сұлулығымен көз тартады. Көктемде жағалаудағы гүлдер құлпырып, табиғат жаңарады. Жазда айналасы құлпырып, қамыстары жайқалып, демалуға құтты мекен болады. Күзде алтын түске боялған ағаштар көрініс берсе, қыста ақ қармен көмкерілген көрініс ертегі әлемін еске салады. Сапақкөл тек табиғат көрінісімен ғана емес, тарихымен де бай. Қазіргі таңда балығы ауылдың ең негізгі байлық көзі болып отыр. Осы байлығымызды дұрыс бағалай білсе, оны таза ұстап, ел қажетіне тиімді пайдаланса, нұр үстіне нұр болар еді. Жергілікті аңыз-әңгімелерде бұл көлдің пайда болуы мен маңызы туралы қызықты деректер сақталған. Сол себепті

де Сапақкөл — ел жадында сақталар, ұрпақтан-ұрпаққа жетер киелі, құтты мекен. Бүгінде ауыл жастары мен мектеп оқушылары туған жердің сұлулығын дәріптеп, туған жерге деген сүйіспеншілігі күннен-күнге артып келеді.

Иә, мен өсіп келемін. Өскен сайын өз туған еліме деген құрметім артып келеді. Санаулы уақыттардан кейін, туған жерімнен жыраққа кетер күнде қашық емес, кейде туған жерімнің дамуына қандай үлес қосып, қандай қызмет етсем деген ойлар да мазалайды. Болашақта өз арманыма жетсем, өз туған жерімді мақтан тұтар, киелі, құтты мекен елімнің болашағына үлес қосар азаматшасы болсам деген арманым бар. Туған ауылым — менің жүрегімнің бір бөлшегі, көзімнің қарашығындай қымбат мекен. Жұмақтай жайқалған бұл өлкенің көркі ешқашан жоғалмасын! Мен туған ауылыммен мақтанамын!

Қымбат АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Сапақкөл орта мектебі
«Жас тілшілер» үйірмесінің мүшесі.